

**«Бәйтерек девелопмент» АҚ
Жалғыз акционерінің
2017 жылғы «16» тамыздағы
шешімімен бекітілді
(№ 32/17 хаттама)**

**«Бәйтерек девелопмент»
акционерлік қоғамының Жарғысына
өзгертулер мен толықтырулар**

«Бәйтерек девелопмент» акционерлік қоғамның Жалғыз акционерінің 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 37/16 шешімімен бекітілген «Бәйтерек девелопмент» акционерлік қоғамның Жарғысына келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 52-тармақта:

2) тармақша өзгертілсін және келесі редакцияда жазылсын:

«2) осы кодексті қабылдау Қоғамның жарғысында көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;»,

9) тармақша өзгертілсін және келесі редакцияда жазылсын:

«9) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;»,

15) тармақша алып тасталсын,

16) тармақша өзгертілсін және келесі редакцияда жазылсын:

«16) Қоғам акцияларды заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

19) тармақшадағы «жасасуды мақұлдау туралы» сөздері «жасасу туралы» сөздерімен ауыстырылсын,

20) тармақша өзгертілсін және келесі редакцияда жазылсын:

«20) Жалғыз акционер анықтайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;»,

21) тармақша алып тасталсын,

2) 57-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«57. Егер заңнамада және (немесе) осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау, өзгертулер, толықтырулар енгізу және оны іске асыруға мониторинг жүргізу;

2) Қоғамның даму жоспарын және олардың орындалуы туралы есептерді бекіту, сондай-ақ өзгертулер, толықтырулар енгізу және оны іске асыруға мониторинг жүргізу;

3) Қоғамның даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспаны бекіту, өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оны іске асыруға мониторинг жүргізу;

4) заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

7) комитеттерді құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

9) Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін анықтау, оның төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелерін сайлау, Басқарма төрағасын қоспағанда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Басқарма төрағасының және мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау, әлеуметтік қолдау көрсету, сондай-ақ Басқарма төрағасына және мүшелеріне сыйлықақы беру туралы шешімдер қабылдау;

11) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметінің басшысына және мүшелеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау, әлеуметтік қолдау көрсету, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің басшысына және мүшелеріне сыйлықақы беру туралы шешімдер қабылдау;

12) Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, әлеуметтік қолдау көрсету, сондай-ақ корпоративтік хатшыға сыйлықақы беру туралы шешімдер қабылдау;

14) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

15) Директорлар кеңесі белгілейтін тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционер және Басқарма қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

16) Жалғыз акционерге шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

17) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

18) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

19) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

20) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

21) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

22) осы Жарғының 52-тармағының 19) тармақшасына сәйкес жасалуы туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

23) Қоғам жұмыскерлерінің жалпы санын бекіту;

24) тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекіту (тәуекелдерді басқару саясаты, тәуекелдер тіркелімі, тәуекелдер картасы, қатерлі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың жоспары; бизнес-процестердің, тәуекелдердің және бақылаулардың матрицасы; тәуекел тәбеті, тәуекелдердің шешуші индикаторлары, тәуекелдер жөніндегі есептер);

25) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының жұмысы туралы есептерді бекіту;

26) Омбудсменді тағайындау, өкілеттіктер мерзімін белгілеу және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

27) Қоғамның нормативтерінің жекелеген түрлерін және әкімшілік шығыстарының өзге лимиттерін бекіту;

28) корпоративтік басқару кодексінің принциптерін және ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті бекіту;

29) Басқарма төрағасын қоспағанда, Директорлар кеңесінің шешімдерімен тағайындалатын немесе сайланатын Қоғамның жұмыскерлерін тәртіптік

жауапкершілікке тарту және тәртіптік жауапкершілігін мерзімінен бұрын алып тастау;

30) Қоғам қызметінің мәселелері бойынша оның орындауы үшін тікелей (оперативтік) тапсырмалар беру, сондай-ақ оларды орындау нәтижелерін қарау;

31) заңнамада және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.»,

3) 61-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«61. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, қайта сайлануына шек қойылмайды. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін отырысын өткізу кезінде аяқталады.

Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен олардың қызметін бағалау нәтижелері қанағаттанарлық болған кезде тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан (мысалы, үш жылдық екі мерзім) артық мерзімге сайлаудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмыс нәтижелерін және қызметін бағалау нәтижелерін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңарту қажеттілігін ескере отырып Қоғамның ішкі құжатымен белгіленген тәртіппен айрықша қаралуы тиіс.

Тәуелсіз директорлар арасынан бір тұлға Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан (мысалы, үш жылдық үш мерзім) астам мерзімге сайлана алмайды. Айрықша жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға рұқсат етіледі, бұл ретте мұндай тұлғаны Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің бұл мүшесін сайлау қажеттілігі және бұл фактінің шешімдер қабылдаудың тәуелсіздігіне ықпалы толық түсіндіріле отырып, жыл сайын немесе өзге мерзімде өткізіледі.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.»

4) 64-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«64. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері (бұдан әрі – Комитеттер) құрылуға тиіс:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Комитеттерді қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі нормативтік құжаттарында белгіленеді.»

5) 72-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«72. Ағымдағы қызметке басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Басқарманы Басқарма төрағасы басқарады.

Басқарма Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде:

1) Қоғамның міндеттемелерін қоғамның өз капиталы мөлшерінің он пайызына дейінгі шамаға ұлғайту және, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) жарғымен қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, өзге мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау;

2) Директорлар кеңесі бекіткен жұмыскерлердің жалпы санын ескере отырып Қоғамның штат кестесін бекіту;

3) бекітілуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) жарғымен Жалғыз акционердің және (немесе) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту;

4) Қоғамның оперативтік қызметіне басшылықты жүзеге асыру, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

5) Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етумен байланысты өзге мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

6) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

7) салықтық есеп саясатын бекіту;

8) есеп саясатын бекіту;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бекіту;

10) бекітілген даму жоспарының шеңберінде жылдық бюджетті бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

11) Қоғам жұмыскерлеріне (Басқарма мүшелерін, ішкі аудит қызметін, Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда) еңбекақы, сыйақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету туралы қағидаларды бекіту;

12) демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам Басқармасы жанындағы комитеттерді (комиссияларды) құру туралы шешімдер қабылдау, құрамын белгілеу, олар туралы ережелерді бекіту;

14) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен алдын ала жазбаша келісіммен Қоғам жұмыскерлерінің жалпы санының Директорлар кеңесі бекіткен шеңберінде ұйымдық құрылымды бекіту. Бұл ретте ұйымдық құрылымды күнтізбелік жылда бір реттен асырмай өзгертуге рұқсат етіледі;».

Басқарма төрағасы



М. Худайбергенов

Утверждены решением
Единственного акционера
АО «Байтерек девелопмент»
от «16» августа 2017 года
(Протокол № 32/17)

**Изменения и дополнения
в Устав акционерного общества
«Байтерек девелопмент»**

1. Внести в Устав акционерного общества «Байтерек девелопмент», утвержденный решением Единственного акционера акционерного общества «Байтерек девелопмент» от 20 сентября 2016 года №37/16, следующие изменения и дополнения:

1) в пункте 52:

подпункт 2) изменить и изложить в следующей редакции:

«2) утверждение кодекса корпоративного управления, а также изменений и дополнений в него в случае, если принятие данного кодекса предусмотрено уставом Общества;»,

подпункт 9) изменить и изложить в следующей редакции:

«9) определение аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества;»,

подпункт 15) исключить,

подпункт 16) изменить и изложить в следующей редакции:

«16) утверждение изменений в методику (утверждение методики, если она не была утверждена учредительным собранием) определения стоимости акций при их выкупе Обществом на неорганизованном рынке в соответствии с законодательством;»,

подпункт 19) слова «об одобрении заключения» заменить словами «о заключении»,

подпункт 20) изменить и изложить в следующей редакции:

«20) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность общества, по перечню, определяемому Единственным акционером;»,

подпункт 21) исключить,

2) пункт 57 изложить в следующей редакции:

«57. Если иное не установлено законодательством и (или) настоящим Уставом, к исключительной компетенции Совета директоров относятся следующие вопросы:

1) определение приоритетных направлений деятельности Общества и стратегии развития Общества, внесение изменений, дополнений и мониторинг ее реализации;

2) утверждение плана развития Общества и отчетов об их исполнении, а также внесение изменений, дополнений и мониторинг его реализации;

3) утверждение плана мероприятий по реализации стратегии развития Общества, внесение изменений и дополнений, а также мониторинг его реализации;

4) принятие решения о размещении (реализации), в том числе о количестве размещаемых (реализуемых) акций в пределах количества объявленных акций, способе и цене их размещения (реализации), за исключением случаев, предусмотренных законодательством;

5) принятие решения о выкупе Обществом размещенных акций или других ценных бумаг и цене их выкупа;

6) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Общества;

7) создание комитетов, утверждение положений о них, а также избрание, досрочное прекращение полномочий членов комитетов Совета директоров;

8) определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг Общества, а также принятие решений об их выпуске;

9) определение количественного состава, срока полномочий Правления, порядка его работы, избрание членов Правления, за исключением его Председателя, а также досрочное прекращение их полномочий, за исключением Председателя Правления;

10) определение размеров должностных окладов, условий оплаты труда и премирования Председателя и членов Правления, оказание социальной поддержки, а также принятие решения о премировании Председателя и членов Правления;

11) определение количественного состава, срока полномочий Службы внутреннего аудита, назначение его руководителя и членов, а также досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы Службы внутреннего аудита, размера и условий оплаты труда и премирования руководителя и членов Службы внутреннего аудита, оказание социальной поддержки, а также принятие решения о премировании руководителя и членов Службы внутреннего аудита;

12) принятие решения о предоставлении согласия относительно возможности членов Правления работать в других организациях;

13) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, порядка его работы, досрочное прекращение его полномочий, определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря, оказание социальной поддержки, а также принятие решения о премировании корпоративного секретаря;

14) определение размера оплаты услуг аудиторской организации за аудит финансовой отчетности, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, переданного в оплату акций Общества, либо являющегося предметом крупной сделки;

15) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность Общества по перечню, определяемому Советом директоров (за исключением

документов, принимаемых Единственным акционером и Правлением в целях организации деятельности Общества), в том числе внутреннего документа, устанавливающего условия и порядок проведения аукционов и подписки ценных бумаг Общества;

16) предварительное рассмотрение вопросов, выносимых на Единственного акционера;

17) принятие решений о создании и закрытии филиалов и представительств Общества и утверждение положений о них;

18) принятие решения о приобретении (отчуждении) Обществом десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц;

19) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Обществу;

20) увеличение обязательств Общества на величину, составляющую десять и более процентов размера его собственного капитала;

21) определение информации об Обществе или его деятельности, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;

22) принятие решения о заключении крупных сделок и сделок, в совершении которых Обществом имеется заинтересованность, за исключением крупных сделок, решение о заключении которых принимается Единственным акционером в соответствии с подпунктом 19) пункта 52 настоящего Устава;

23) утверждение общей численности работников Общества;

24) утверждение внутренних документов по управлению рисками (политика управления рисками, регистр рисков, карта рисков, план мероприятий по управлению критическими рисками; матрица бизнес-процессов, рисков и контролей; риск-аппетит, ключевые индикаторы рисков, отчеты по рискам);

25) утверждение отчетов о работе Совета директоров, комитетов Совета директоров, Службы внутреннего аудита, корпоративного секретаря;

26) назначение, определение срока полномочий и досрочное прекращение полномочий Омбудсмана;

27) утверждение отдельных видов нормативов и иных лимитов административных расходов Общества;

28) утверждение отчета о соблюдении/несоблюдении принципов и положений кодекса корпоративного управления;

29) привлечение к дисциплинарной ответственности и досрочное снятие дисциплинарной ответственности с работников Общества, назначаемых или избираемых решениями Совета директоров, за исключением Председателя Правления;

30) дача прямых (оперативных) поручений для исполнения Обществу по вопросам его деятельности, а также рассмотрение результатов их исполнения;

31) иные вопросы, предусмотренные законодательством и (или) Уставом Общества, не относящиеся к исключительной компетенции Единственного акционера.»

3) пункт 61 изложить в следующей редакции:

«61. Лица, избранные в состав Совета директоров, могут переизбираться неограниченное число раз, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан и/или настоящим Уставом. Срок полномочий Совета директоров устанавливается Единственным акционером. Срок полномочий Совета директоров истекает на момент проведения заседания Единственного акционера, на котором проходит избрание нового Совета директоров.

Независимые директора избираются на срок не более трех лет, в последующем, при условии удовлетворительных результатов оценки их деятельности, может быть переизбрание еще на срок до трех лет.

Любой срок избрания в состав Совета директоров на срок больше шести лет подряд (например, два трехлетних срока) подлежит особому рассмотрению с учетом результатов работы и результатов оценки деятельности члена Совета директоров, а также необходимости качественного обновления состава Совета директоров в порядке, установленном внутренним документом Общества.

Одно и то же лицо из числа независимых директоров не может избираться в Совет директоров более девяти лет подряд (например, три трехлетних срока). В исключительных случаях допускается избрание на срок более девяти лет, при этом избрание такого лица в Совет директоров происходит ежегодно или в иной срок, с подробным разъяснением необходимости избрания данного члена Совета директоров и влияния данного факта на независимость принятия решений.

Единственный акционер вправе досрочно прекратить полномочия всех или отдельных членов Совета директоров. Досрочное прекращение полномочий члена Совета директоров по его инициативе осуществляется на основании письменного уведомления Совета директоров. Полномочия такого члена Совета директоров прекращаются с момента получения указанного уведомления Советом директоров.

В случае досрочного прекращения полномочий члена Совета директоров и избрания Единственным акционером нового члена Совета директоров, полномочия последнего истекают одновременно с истечением срока полномочий Совета директоров в целом.»

4) пункт 64 изложить в следующей редакции:

«64. Для рассмотрения наиболее важных вопросов и подготовки рекомендаций Совету директоров в Обществе должны быть созданы комитеты Совета директоров (далее-Комитеты):

- 1) стратегического планирования;
- 2) кадров и вознаграждений;
- 3) внутреннего аудита;
- 4) социальные вопросы;
- 5) иные вопросы, предусмотренные внутренними документами Общества.

Порядок формирования и работы комитетов, а также количественный состав устанавливаются внутренними нормативными документами Общества, утвержденными Советом директоров.»

5) пункт 72 изложить в следующей редакции:

«72. Руководство текущей деятельности осуществляется Правлением. Правление возглавляет Председатель Правления.

Правление вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Общества, не отнесенным законодательными актами Республики Казахстан и Уставом к компетенции других органов и должностных лиц Общества, в том числе:

- 1) принятие решения об увеличении обязательств Общества на величину, составляющую до десяти процентов от размера собственного капитала Общества и заключении иных сделок, за исключением сделок, отнесенных законодательством Республики Казахстан и (или) уставом к компетенции иных органов Общества;
- 2) утверждение штатного расписания Общества с учетом утвержденной Советом директоров общей численности работников;
- 3) утверждение внутренних документов, принимаемых в целях организации деятельности Общества, за исключением документов, утверждение которых законодательством Республики Казахстан и (или) Уставом отнесено к компетенции Единственного акционера и (или) Совета директоров;
- 4) осуществление руководства оперативной деятельностью Общества, обеспечение выполнения решений Единственного акционера и Совета директоров;
- 5) принятие решений по иным вопросам, связанным с обеспечением деятельности Общества, не относящимся к исключительной компетенции других органов и должностных лиц Общества;
- 6) предварительное рассмотрение вопросов, выносимых на Единственного акционера и Совета директоров Общества;
- 7) утверждение налоговой учетной политики;
- 8) утверждение учетной политики;
- 9) утверждение политики противодействия коррупции;
- 10) утверждение годового бюджета в рамках утвержденного плана развития, а также внесение в него изменений и дополнений;
- 11) утверждение правил об оплате труда, вознаграждения, оказания социальной поддержки работников Общества (за исключением членов Правления, службы внутреннего аудита, корпоративного секретаря общества);

12) принятие решения об оказании спонсорской (благотворительной) помощи;

13) принятие решений о создании, определение состава, утверждение положений о комитетах (комиссиях) при Правлении общества;

14) утверждение организационной структуры, в рамках утвержденной Советом директоров общей численности работников Общества с предварительным письменным согласованием с АО «НУХ «Байтерек». При этом допускается изменение организационной структуры не более одного раза в календарный год;».

Председатель Правления



М. Худайбергенов